



Автор: Ербалина Слушаш Нурбаевна

Пән: Математика

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Сандар және цифрлар

Тақырып: .Натурал сандаржәне 0 саны. Бөлшектер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	-1.1.1.2 11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру.
Сабақтың мақсаты:	-Барлық оқушылар: • 0-ден 10 көлеміндегі е сандарды айтады. • 1-ден 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды. • Натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды. Көптеген оқушылар: • Цифрларды жазады; • 20-ға дейінгі екі таңбалы сандарды құрайды. • 11-ден 20-ға дейінгі екі таңбалы сандарды салыстырады. Кейбір оқушылар: • 20 көлеміндегі сандардың құрамын анықтайды. • Екі таңбалы сандарды разрядтық қосылғыштарға жіктейді.
Тілдік мақсаттар:	-• Сандық заңдылық қалай құрылғанын және әрі қарай қандай сан болатынын түсіндіре алады.
Күтілетін нәтиже:	-• Санның орналасуына байланысты сандық түзу сызық бойынша санаудың "қадамдық" түрленімі. • Ұяшықтарды бояу арқылы санау заңдылықтарын зерттеу, осы заңдылық жалғасын таба алатыны туралы түсініктің қалыптасуы.
Бағалау критерийлері:	-• 11-ден 20 көлеміндегі сандарды оқиды және жазады. • 20 көлеміндегі сандарды салыстырады.
Құндылықтарды дарыту:	-Оқушылар бір-бірінің пікірін құрметтеу. Топта ынтымақтастықпен жұмыс жасауға баулу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	- интербелсенді тақта, электронды оқулық.
Пәнаралық байланыс:	- қазақ тілі, ағылшын.
Бастапқы білім:	-• 1-ден 10-ға дейінгі сандарды атай алады. • 1-ден 10-ға дейін оң және кері санай алады. • Екі таңбалы, бір таңбалы сандарды бір-бірінен ажырата алады. • Натурал сандар қатарындағы орнын анықтай алады. • Заттарды салыстыра алады. • Артық,кем,тең ұғымдарын ажырата алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	- Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық Шаттық шеңбері Армысың досым, Кел, маған қосыл (қолымен шақырады). Алақанға салып алақан, Шеңберге бірге тұрайық (қолдарынан ұстайды). Жер шарындай айналып, Әлемге жарық ұқсайық (айналады). Қолымызды көтеріп, Күннің нұрын алайық (қолдарын көкке созады). Ортамызда күн нұры, Құшаққа оны алайық (құшақтасады). Топқа бөлу. «Артық», «Кем», «Тең» «Миға шабуыл» Сұрақтары бар қорап 1-10 дейін тура,кері сана. Екі таңбалы сандарды ата. Келесі санды атай аласыз ба? Алдыңдағы санды атай аласың ба?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (23 мин)	<p>-Ойын: Сыныпты екі топқа бөлемін. «Бүгін сендер сандар балына шақыру алдыңдар.Бірінші топқа 1 цифры жазылған парақшалар таратылады.Екінші топқа 0- ден 9-ға дейінгі сандар жазылған парақшалар таратылады.Музыка ырғағымен «сандар»бір-бірден билейді.Балғашақырылған барлық сандар бір-бірімен танысады.Олар қалай аталатынынжәне неге солай аталатынын сұраймын.(бір таңбалы,себебі олар тек бірцифрдан тұрады) Енді жұппен билейміз. «1» цифры бар оқушы өзіне жұптыекінші топтан таңдап алуы керек. «Ондықтар», «Бірліктер» жазылған тәжтақтада бекітіліп тұрады.Тақтаға шыққан оқушылар осы тәждің астынатұрады.Басқа оқушылар осы құрастырылған екі таңбалы сандардыоқиды.Сөйтіп кезектесіп келіп екінші ондықтағы екі таңбалы сандардықұрады. Сандарды оқытамын. Кері байланыс: • Бұл сандар неге екітаңбалы сандар деп аталады?(Екі таңбалы деп аталатын себебі оныңжазылуында екі цифр қолданылады) • Келесі санды атай аласыз ба? •Заңдылық қайталана ма? • Сандардан заңдылық көрініп тұр ма? • ...бұлсан келесі болады? • ... бұл сан берілген тізбекте келесі бола алмаОқушыларды сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыруЭлектронды оқулық арқылы жаңа тақырыпты түсіндіремін. Мұғалімніңтүсіндірмесі:Санның жазылуындағы әрбір цифрдың анықталған орны бар(позициясы).Разряд -бұл санның жазылуындағы цифрдың тұратын орнынбілдіреді.Санның жазылуындағы цифрдың мағынасы қай разрядтатұрғанына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.Разрядтар санның соңынанбастап саналады.Бірліктер разряды -бұл кез келген сан аяқталатын еңкішкене разряд.Ондықтар разряды-бұл бірліктер разрядының алдындатұратын разряд.Егер санда разряд жоқ болатын болса,санның жазылуындаоның орнына 0 (нөл) цифры тұрады. Ұжымдық жұмыс:Екі таңбалы сандарқайда кездеседі? (Үйдің немесе пәтердің нөмірі,автобустыңнөмірі,электрондық сағаттың цифры,ойыншының кеудешесіндегі нөмірт.с.с.) Кері байланыс: Сенің үйіңнің нөмірі неше? Дене шынықтырусабағында нешінші тұрасың? Бағалау: Мадақтау арқылы «Жарайсың!» 1-тапсырма Топтық жұмыс: 1-топ: Сандыжазамыз:12,14,16,17,19,20,13,15,11,18 2-топ: Берілген сандарды вагондарға есу ретімен орналастыр:20,13,17,12,15,14,19,16,11,18 3-топ:Моншаққа сандарды кему ретімен орналастыр:14,17,16,19,12,15,13,11,18,20 Кері байланыс: -Келесі санды қалай таптың? -Алдыңғы санды қалай таптың? Бағалау: Бағдаршам 2-тапсырма Жұптық жұмыс:Қолдарындағы сан жазылған парақшамен жұптасады.1-1(11)1-2(12)1-3(13)..... 1-ші қатардағы машиналардың нөмірін бір оқушы оқиды,жұбы сол сандарды жазады. (рөлдері ауысады)</p>	
Сабақтың соңы (7 мин)	<p>-Бәйге” ойыны:Ойын тәртібі:Мұғалім сандарды айтады.. Ойыншылар жауап-сандар жазылған парақша→ларды көтеруі тиіс. -Сандар үлгілері: 12,15,13,11,20,19,17,14,16,18 атаймын. -17,15,13,20,14 сандарын атаймын оқушылар қолдарындағы ресурсқа жазады. — Қолдарындағы сандардың ішіндегі ең кіші сан қайсы? Ал ең үлкен сан қайсы? Қандай сандарды екі таңбалы сандар деп атаймыз? -11-ден 20-ға дейінгі сандар тізбегін ата. Бұл сандарда 1 ондық және 6 бірлік бар.Бұл қандай сан? Бұл санның «көршілері» 13 пен 15.Бұл санды ата. — Қай сан 11-ден 2-ге артық? — Қай сан 10-нан артық, бірақ 12-ден кем?</p>	
Рефлексия (5 мин)	<p>-Рефлексия. Сабақта. Мен білдім... Мен үйрендім... Мағанұнады.... Мен қиналдым....</p>	